



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

29.12.2022 № 2-010346-22-114455

01.12.2022 г. № ДС-357

**«Amanat», «Ақ жол», «Қазақстан
Халық партиясы» партиялары
мен Қазақстан халқы
Ассамблеясының депутаттарына
(тізім бойынша)**

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура нысаналы мақсатын өзгерту, ауыл шаруашылығы жерлерін сегменттеу, жер қатынастарын жетілдіру және кінәлі лауазымды адамдарды жауапқа тарту кезінде заңдылықты сақтау мәселелері бойынша жұмыс тобын құру туралы депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Прокуратура органдары тұрақты негізде жергілікті атқарушы және орталық уәкілетті органдардың, сондай-ақ жер пайдаланушылардың жер заңнамасының сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

Соңғы 4 жылда пайдаланылмаған учаскелер, жайылым тапшылығы, ұйымдастырушылық және заңнамалық ұсыныстар дайындаумен пайшылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мақсатты жұмыс жүргізілді.

Қадағалау нәтижелері жер ресурстарының сақталуын, ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету бөлігінде жер заңнамасы қағидаттарының жүйелі бұзылуын (Жер кодексінің 4-бабы) және жоғары сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдердің болуын куәландырады.

Прокурорлар ел бойынша белгіленген кезеңде ауданы 27 млн га (кадастрлық құны 271 млрд теңге) 55 мың бос учаскені анықтады, оның ауданы 7,6 млн га (44 млрд теңге) 9 мыңы мемлекетке қайтарылды және меншік иелері ауданы 8,1 млн га (103 млрд теңге) 18 мың учаскені игере бастады.

Шартты жер үлестерін пайдалану саласында 81,6 мың пайшысы бар 169 проблемалық кәсіпорын анықталды. Бұл ұйымдарда 4,1 млн га жер тіркелген, олардың бір бөлігі меншік иелерінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға кепілге қойылған немесе иеліктен шығарылған.

Қадағалау шаралары бойынша пайшыларға 546 мың га қайтарылды, заңсыз кепіл және қайта ресімдеу фактілері бойынша 10 қылмыстық іс тергеп-тексерілуде, Үкіметке пай жерлерін пайдалануды мемлекеттік реттеуді енгізу жөнінде ұсыныстар енгізілді.

Бұдан басқа, Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі – АШМ) бірлесіп қоғамдық жайылымдардың тапшылығын 29 млн га-дан 8 млн га-ға дейін қысқартуға мүмкіндік туды.

Жол берілген бұзушылықтар үшін барлығы 1260 лауазымды адам тәртіптік (сыбайлас жемқорлық бойынша 88), 15 қылмыстық (8 сотталған) жауаптылыққа тартылды.

Жер қатынастары саласындағы аталған жағдай заңнаманың жетілмегендігі және мемлекеттік бақылаудың тиімсіздігі себебінен қалыптасты.

Бұл проблемаларды 2022 жылғы 9 желтоқсанда Бас прокуратура алқасында уәкілетті органдардың және «Аманат» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы мүшелерінің қатысуымен қарады, онда 2023 жылға арналған жер қатынастары саласын жетілдіру, оның ішінде жер ресурстарын бөлу туралы мәліметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі нақты міндеттер бекітілген.

Анықтама ретінде: 2023 жылы ауыл шаруашылығы учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту және сегменттеу кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қамтитын тексерулер жүргізу жоспарлануда.

Жұмыс қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту және уәкілетті органдардың лауазымды адамдарының жауапкершілік дәрежесін айқындау кезінде Жер кодексінің нормаларын пайдалану практикасы бойынша жекелеген ұсыныстар, оның ішінде заңнамалық ұсыныстар әзірлеу күтілуде.

Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларына сәйкес жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жер заңнамасын қолдану практикасын қорыту және оны жетілдіру АШМ-ге бекітілген, ал прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды («Прокуратура туралы» Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағы).

Осыған байланысты АШМ жанынан Жер кодексін қолдану практикасын зерделеу жөніндегі жұмыс тобын құру орынды деп санаймыз.

Бас прокуратура тексеру нәтижелерін, анықталған проблемалық мәселелерді және жер қатынастарын жетілдіру бойынша басқа да ұсыныстарды топтың қарауына шығаруға дайын екендігін білдіреді.

Сіздің сұрау-салуыңызда көрсетілген мысалдарға қатысты Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылығы жерлерін сегменттеу бойынша (10,2 га коттедждік кент салу және жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін 49 участкаға бөлінген) жергілікті Жер ресурстарын басқару департаменттері әкімдіктерге ұйғарымдар жібергенін хабарлаймыз (2022 жылғы 15 қараша және 28 қараша; орындалуда).

Бұл бұзушылықтарды жою прокуратураның бақылауында.

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

29.12.2022 № 2-010346-22-114455

01.12.2022 г. № ДС-357

**Депутатам от партий
«Аманат», «Ақ жол»,
«Народной партии Казахстана»
и Ассамблеи народа Казахстана
(по списку)**

По землям сельскохозяйственного назначения

Уважаемые депутаты!

Генеральная прокуратура, рассмотрев депутатский запрос о создании рабочей группы по вопросам соблюдения законности при изменении целевого назначения, сегментации сельхозземель, совершенствованию земельных отношений и привлечению к ответственности виновных должностных лиц, сообщает следующее.

Органами прокуратуры на постоянной основе осуществляется надзор за соблюдением земельного законодательства местными исполнительными и центральными уполномоченными органами, а также землепользователями.

За последние 4 года проведена целенаправленная работа по проблемам неиспользуемых участков, дефицита пастбищ и защиты прав пайщиков с подготовкой организационных и законодательных предложений.

Результаты надзора свидетельствуют о системных нарушениях принципов земельного законодательства в части обеспечения сохранности, рационального использования земельных ресурсов (ст.4 Земельного кодекса) и наличии высоких коррупционных и мошеннических рисков.

Прокурорами за обозначенный период по стране установлено 55 тыс. пустующих участков, площадью 27 млн га (кадастровая стоимость 271 млрд тенге), из них 9 тыс., площадью 7,6 млн га (44 млрд тенге), возвращены государству и начато освоение собственниками 18 тыс. участков, площадью 8,1 млн га (103 млрд тенге).

В сфере использования условных земельных долей выявлены 169 проблемных предприятий с 81,6 тыс. пайщиками. За ними зарегистрированы 4,1 млн га земель, часть которых без согласия собственников заложены или отчуждены третьим лицам.

По мерам надзора пайщикам возвращены 546 тыс. га, по фактам незаконного залога и переоформления расследуется 10 уголовных дел, в Правительство внесены предложения по внедрению госрегулируемого использования паевых земель.

Совместно с Министерством сельского хозяйства (далее – МСХ) удалось сократить нехватку общественных пастбищ с 29 млн га до 8 млн га.

Всего за допущенные нарушения к дисциплинарной ответственности привлечены 1 260 должностных лиц (88 по коррупции), к уголовной 15 (8 осуждены).

Сложившаяся ситуация в сфере земельных отношений обусловлена несовершенством законодательства и неэффективным государственным контролем.

Эти проблемы 9 декабря 2022 года рассмотрены на коллегии Генеральной прокуратурой с участием уполномоченных органов и членов комиссии «Жер аманаты» партии «Аманат», где закреплены конкретные задачи на 2023 год по совершенствованию сферы земельных отношений, в том числе для обеспечения открытости и доступности сведений о распределении земельных ресурсов.

Справочно: в 2023 году планируется проведение проверок, включающих вопросы соблюдения законности при изменении целевого назначения и сегментации сельхоз участков.

По итогам работы ожидается выработка отдельных предложений, в том числе законодательных по практике использования норм Земельного кодекса при изменении целевого назначения сельхоз участков и определения степени ответственности должностных лиц уполномоченных органов.

Согласно подпунктам 1) и 1-1) пункта 1 статьи 14 Земельного кодекса реализация государственной политики в области регулирования земельных отношений и обобщение практики применения земельного законодательства и его совершенствование закреплено за МСХ, а органы прокуратуры при осуществлении надзора не подменяют функции иных государственных органов (п.4 ст.5 Конституционного закона «О прокуратуре»).

В этой связи полагаем целесообразным рабочую группу по изучению практики применения Земельного кодекса создать при МСХ.

Генеральная прокуратура выражает готовность выносить на рассмотрение группы результаты проверок, выявленные проблемные вопросы и другие предложения по совершенствованию земельных отношений.

Относительно примеров, отраженных в вашем запросе, сообщаем, что по сегментации сельхозземель в Туркестанской области и городе Шымкент (10,2 га разделены на 49 участков для строительства коттеджного поселка и ведения личного подсобного хозяйства) местными Департаментами по управлению земельными ресурсами в акиматы направлены предписания (15 и 28 ноября 2022 года; на исполнении).

Устранение этих нарушений находится на контроле прокуратуры.

Б. Асыллов